



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 43 (8026) 5 желтоқсан, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ақорда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ауыл әкімдерінің диалог-платформасында сөйлеген сөзі

Құрметті ауыл әкімдері!

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз.

Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше.

Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа ғана бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет.

Баршаңызға мәлім, 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу үшін тарихи



бетбұрыс жасады. Ең алдымен, елдегі түбегейлі өзгерістердің құқықтық негізін қалыптастырдық. Саяси үдерістерді жаңғыртуға арналған 20-ға жуық заң қабылданды. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі күшейді. Саяси партиялардың рөлі артып, жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ партияларды тіркеу талаптары едәуір жеңілдеді. Нәтижесінде Мәжілістегі саяси партиялардың саны көбейді.

(Жалғасы 3-бетте).

Құрметті прокуратура органдарының қызметкерлері!

Сіздерді 6 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Прокуратура күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Прокуратура – мемлекеттегі заң үстемдігін қамтамасыз етіп, қоғамдағы әділдіктің берік қалқанын ұстап тұрған маңызды құрылым. Сіздердің күнделікті атқарып жүрген жауапты қызметтеріңіз – елдің тыныштығы мен тұрақтылығының негізі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғаушысы.

Бүгінгі таңда прокуратура органдарының алдында күрделі де жауапты міндеттер тұр. Сол міндеттерді абыроймен атқарып, қоғамдағы заңдылықтың сақталуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқандарыңыз – нағыз кәсібиліктің, мемлекетшіл көзқарастың көрінісі. Әсіресе құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, халықпен ашық диалог орнату бағытындағы еңбектеріңіз ерекше құрметке лайық.

Сіздердің адалдыққа, әділдікке және заңға берік ұстанымдарыңыз ел дамуына қызмет етіп, қоғамның сіздерге деген сенімін арттыра береді деп сенеміз.

Осы мерейтойлы күні мықты денсаулық, отбастарыңызға береке, жаңа жетістіктер мен қызметтеріңізде толайым табыс тілейміз! Еліміздің игілігі жолындағы абыройлы еңбектеріңіз жемісті бола берсін!

**Ізгі ниетпен,
Ақтоғай ауданының әкімі А.Аманжолов.
Аудандық мәслихат төрағасы Р.Әбеуов.**

* Пікір

Күнделікті жұмысымыздың бағыт-бағдарын айқындап берді

2025 жылғы 28 қарашада өткен Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ауыл әкімдерімен арнайы диалогы – елді мекендердің болашағы, ауылдың даму бағыты туралы ашық пікір алмасуға мүмкіндік берген маңызды алаң болды. Мемлекет басшысының ауыл әкімдерінің жаңа буынына жүктеп отырған міндеттері – біздің күнделікті жұмысымыздың бағыт-бағдарын айқындап берді.

Президентіміз «Әкім болдым, толдым» деген түсініктің заманы өткенін ерекше атап өтті. Әр әкім өз

кәсібилігін нақты нәтижемен дәлелдеуі керектігін, ауыл инфрақұрылымы, жол, су, интернет, әлеуметтік нысандардың жай-күйі – бірінші кезектегі міндет екенін нақты көрсетті. Бұл – біздің ауылдық округ үшін де өзекті.

Бүгінде ауыл – елдің тірегі. Ауыл берекелі болса, мемлекет тұрақты дамиды. Сол себепті Мемлекет басшысы айтқан «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» жобаларының жалғасуы – ауыл тұрғындарының табысын арттыру, шағын кәсіпкерлікті нығайту, жаңа жұмыс орындарын ашу бағытындағы

тың серпін деп қабылдаймын.

Біздің округте де ауыл шаруашылығын дамыту, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жол мәселесін жүйелі шешу, ауыл ішкілік инфрақұрылымды жаңарту бойынша жұмыстар жоспарлы түрде атқарылып келеді. Ауылдың болашағы – жастарда. Президент атап өткендей, кадр саясатын тұрақтандыру, жергілікті мамандарды қолдау – біз үшін де басты міндеттердің бірі.

Диалог алаңында көтерілген мәселелер бізді тың жаңалықтарға, жаңа

тәсілдерге ынталандырады. Халықпен ашық жұмыс істеу – әкімнің негізгі парызы. Әр ауыл тұрғынының ойы, ұсынысы біздің даму жоспарымыздың құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Мемлекет басшысының тапсырмалары – ауыл әкімдері үшін бағдаршам іспетті. Ендігі міндет – сол сенімді ақтап, ауылымыздың өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек ету.

**Қайрат Азирев,
Қараменде би ауылдық округінің әкімі.**



AQTOĞAI AJARY

2026 жылға жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03
Kaspi GOLD

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
1 жылға – 7084,44 теңге
6 айға – 3542,22 теңге

Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
1 жылға – 8084,40 теңге
6 айға – 3542,22 теңге



aktogai_red@mail.ru

[Aktogai_ajary](https://www.facebook.com/a.ajary.kz)

www.facebook.com/a.ajary.kz

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Заң үстемдігі – қоғам тұрақтылығының кепілі

6 желтоқсан – еліміздегі құқықтық жүйенің тұғырын берік ұстап тұрған маңызды дата. Осы күні Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының бірінші орталықтандырылған жүйесі құрылған. Бұл күн – заңдылықты сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүрген прокурорлар корпусының кәсіби мерекесі, мемлекет алдындағы жауапты миссияны атқарушыларға көрсетілер құрметтің белгісі.

Қазақстан прокуратурасы – Конституция және заңдардың үстемдігін қамтамасыз ететін, барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың заңға бағынуын жоғары қадағалайтын мемлекеттік биліктің маңызды тармағы. Бұл құрылымның жұмысы тек заң бұзушылықтың алдын алу немесе анықтаумен ғана шектелмейді. Прокуратура – елдегі құқық қорғау жүйесінің үйлестірушісі, құқықтық реформалардың басым бағыттарын жүзеге асырушы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызды кепілі.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде прокуратура органдары ел мүддесін қорғауда, әділдік пен заңдылықты қамтамасыз етуде үлкен жолдан өтті. Бүгінде бұл сала заманауи талаптарға сай жаңарып, халықпен ашық жұмыс істеуге, құқықтық мәдениетті арттыруға, қылмыстың алдын алуға бағытталған жүйелі реформалармен ерекшеленеді.

Қоғамдағы тұрақтылық, азаматтардың ертеңіне деген сенімі, әділдікке қолжетімділік – бәрі де прокуратура қызметінің сапасына тікелей байланысты. Осы жауапты жолда қызмет еткен әрбір прокурор жоғары кәсібилікті, батылдық пен әділдікті, мемлекетшіл ұстанымды талап ететін күрделі міндеттерді атқаруда. Оның функциялары азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудан бастап, құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіруге дейінгі міндеттердің кең ауқымын қамтиды. Сол себепті 2022 жылғы 5 қарашада «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданды. Бүгінде Қазақстан Республикасының прокуратурасының рөлі белсенді түрде жаңғыртылуда: цифрлық шешімдер енгізілуде, халықпен байланыстың ашық арналары дамуда, қызметтің ашықтығы арту-

да. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, халықтың осал топтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Прокурорлық қадағалау мемлекет пен қоғам өмірінің барлық бағыттарын қамтиды. Тексерулер жүргізіп, заңнама нормаларын сақтау бойынша мемлекеттік органдардың актілеріне талдау жасалады. Бұзушылықтар анықталған кезде оларды жою және



азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданады. Прокуратураның азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау және қылмыстық процестегі репрессивтілікті төмендету, қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, бизнесті қорғау, заңсыз шығарылған активтерді қайтару және заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөнінде басқа да мәселелері бойынша үйлестіруші рөл қызметін атқарады. Ағымдағы жылы аудан прокуратурасымен азаматтардың еңбек және конституциялық құқықтары қорғалып, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде инвестициялық

жобаларға құқықтық сүйемелдеу қамтамасыз етілді. Азаматтар амбулаториялық деңгейде тегін және жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен қамтамасыз етіліп, прокуратура актілері бойынша бюджет қаражатын негізсіз жұмсаудың алдын алды. Заң бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалар әр түрлі тәртіптік жауапкершілікке тартылды. «Заң мен тәртіп» идеологиясын іске асыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, аудандағы еңбек коллективтерімен, оқушылар мен студенттермен кездесулер өткізіп, құқықтық сауаттылығын арттырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осының бәрі прокуратура органдарының қоғамдағы тұрақтылықты, азаматтардың құқықтық сенімін нығайтудағы маңызды рөлін айқын көрсетеді. Заң үстемдігін сақтау – мемлекеттің берік тірегі. Сол себепті прокуратура қызметкерлерінің әрқайсысы мемлекет алдындағы үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, күнделікті жұмысында жоғары кәсібилікті, әділдік пен тазалықты ұстанып келеді. Бүгінде прокуратура жүйесі жаңа талаптарға сай дамып, құқықтық реформалардың белсенді қатысушысына айналды. Қоғамда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштеріне жедел ден қою, мемлекеттік бағдарламалардың заңды жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу – прокурорлар жұмысының негізгі бағыты болып табылады.

Құрметті прокуратура органдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының Прокуратура күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Заңдылықты қамтамасыз ету жолындағы зор жауапкершілігі бар қызметтеріңіз елдің тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін сақтау үшін ерекше маңызға ие. Қоғамда әділдік ұстанымын бекітіп, Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етіп келе жатқан еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағаланады. Сіздерге мықты денсаулық, қажырлы еңбек, қызметтеріңізде сәттілік, отбасыңызға амандық тілейміз! Еліміздің игілігі жолындағы абыройлы қызметтеріңіз әрдайым жемісті болсын!

Ақтоғай ауданының прокуратурасы.

AMANAT

Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айттық. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «AMANAT» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев
Ауыл әкімдерінің диалог-платформасы
28.11.2025

AMANAT

ӘКІМ - ЕҢ АЛДЫМЕН, ХАЛЫҚПЕН ТІКЕЛЕЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ.

Қасым-Жомарт Тоқаев
Ауыл әкімдерінің диалог-платформасы
28.11.2025

AMANAT

БИҮЛ АУЫЛДАҒЫ ШАРУАЛАРҒА 1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІК.

Қасым-Жомарт Тоқаев
Ауыл әкімдерінің диалог-платформасы
28.11.2025

AMANAT

Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тың серпін берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев
Ауыл әкімдерінің диалог-платформасы
28.11.2025

Ақтоғай аудандық мәслихатының № 335 шешімі
27 қараша 2025 жыл Ақтоғай ауылы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде 2025 жылы 28 қарашасында № 217510 жарияланған

Ақтоғай ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

- Ақтоғай ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендетілсін.
- Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудандық мәслихат төрағасы Р.Абеуов.

Решение № 335 Актогайского районного маслихата
от 27 ноября 2025 года село Актогай

Опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде от 28 ноября 2025 года №217510

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Актогайском районе

В соответствии Налогового кодекса Республики Казахстан, маслихат Актогайского района РЕШИЛ:

- Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Актогайском районе с 4% до 2%.
- Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель районного маслихата Р.Абеуов.

Билік жүйесінде жаңа институттар пайда болды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Кассациялық сот жүйесі жұмыс істей бастады. Осылайша, біз еліміздің саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған бірегей өзгерістерді жүзеге асыра бастадық. Қазақстан бұл саяси кеңістікте дәл осындай кең ауқымды реформаларды қолға алған бірден-бір ел деп сеніммен айтуға болады. Соның арқасында азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсене атсалыса бастады.

2020 жылы халыққа Жолдауымда ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Сондықтан біз орынсыз асығыстыққа жол берген жоқпыз, ауыл әкімдерін сайлау жұмысын 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырдық. Бүкіл еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тың серпін берді. Олар өз үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси ұйымдардың 1500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Сайланған әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұң-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі.

Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жақында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ал аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсынуда. Бұл мәселені Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олар елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуда. Бұл пікірді ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстарға кедергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн.

Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 әкім сайланды. Енді олардың қалай жұмыс істейтінін қарап көру қажет. Аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керек. Мәселе – аудан әкімдерінің сайлауын міндетті түрде өткізу емес, басты мақсат: біз оң нәтижелерге қол жеткізуіміз керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы

мәселені жан-жақты қарап, әділетті, дұрыс шешім қабылдауы қажет. Ең бастысы, әрбір реформа салмақты көзқараспен, байыппен жасалуы керек.

Бәріңізге белгілі, елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатыр. Осы орайда, Президенттік жастар кадрлық резервін ерекше атап өткен жөн. Резервке қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алынды. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды. Кадрлар құрамын жаңарту үдерісі биліктің бүкіл тармағында және барлық деңгейде жүргізіліп жатыр. Бұл – уақыт талабы. Бірақ осындай жауапты жұмыста саяси науқаншылдыққа жол бермеу керек. Ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке көптеп тарту қажет. Біз осы маңызды жұмысты



жалғастыра береміз.

Құрметті әкімдер!

Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр.

Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарадық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді.

Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті

артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады.

Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек. Сондықтан алдымен ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. Ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс.

Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланды. Бұл – жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Алайда сайлауда жеңіске жету – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана. «Әкім болдым,

толдым» деп отыруға болмайтыны түсінікті.

Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де аздық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек. Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды.

Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айттық. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Amanat» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Әрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек.

Ауыл-аймақтарды басқару, көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі назардан тыс қалған. Ал бұл жұмыспен ең алдымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылдануы керек. Құзырлы министрлікпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет.

ЕКІНШІ. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек.

Бірақ мұны халыққа пайдалы тиетіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезек-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді.

Дегенмен заңнаманың екіұшты тұстары да бар. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге

нақты мүмкіндік берілмейді. Бүгін әкім Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғанын айтты. Бұл мәселені шешу қажет.

Міне, осындай кемшіліктердің салдарынан әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орындай алмайды. Ашығын айтқанда, кейбір жағдайда дәрменсіз күйге түседі. Оған жол беруге болмайды. Жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Бұл өңірлердегі жағдайға кері әсер етеді. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек деп санаймын. Заңнамалық түзетулерді талқылаған кезде депутаттарға осы жайттарды ескеруді ұсынамын. Сондай-ақ осы жиында ауылдық округ әкімдері көтерген ұсыныстарды да ескерген жөн.

Бүгін сөз алғандар ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтты. Шын мәнінде, ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруға тиіс?! Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді (Жалғасы 4-бетте).

AQTOŒAI AJARY

(Жалғасы. Басы 1-3 беттерде).

тапсырамын.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыл әкімдерінің мәртебесі туралы мәселені айналып өте алмаймыз. Бұл – өте өзекті дүние. Аталған ұсыныс бұған дейін де бірнеше рет көтерілгенін, тіпті, Президент Әкімшілігіне тиісті өтініштер түскенін жақсы білемін. Мемлекеттік қызметшілердің санаттарын нақты белгілеу керек. Үкімет Парламентпен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, бір ай ішінде өздерінің ұсыныс-пікірлерін беруге тиіс. Содан соң шешім қабылданады.

Ауыл әкімдіктерінің қызметкерлерін қолдауға ерекше көңіл бөлген жөн. Әкімдіктерде, әсіресе, ауыл әкімдіктерінде бұрын жұмыс істеген немесе қазір де еңбек етіп жүрген азаматтар мұны мемлекеттік қызметшінің нағыз өмір мектебі деп бекер айтпайды. Бұл баршаға түсінікті. Өйткені әкімдік қызметкерлері билік пен бұқара арасында сенімді әрі сындарлы диалог жүргізуді меңгеріп, нағыз басқару машығын жетілдіреді. Сол себепті ауыл әкімдіктері қызметкерлерінің жұмыс істеуіне, олардың кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау маңызды деп санаймын.

ҮШІНШІ. Әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігі де күшейі керек.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл – дұрыс емес. Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін.

Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының экономикалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауы керек. Сапалы дайындалған бағдарламаны аймақтың даму жоспарымен үйлестіруге болады. Жалпы, осындай шаралар әкімдердің есептілігін күшейтеді. Сондай-ақ өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады. Мемлекет басшысы ретінде менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына айрықша мән беретінімді білесіздер. Елімізде азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазір ауыл әкімі бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін еш қиындықсыз сараптай алады. Өтініш қолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуі тиіс. Әдетте, мұндай хаттардың көбі аймақтағы инфрақұрылым, соның ішінде, жол, аула және балалар алаңы туралы болады. Бұл – жергілікті жерде шешімін табуға тиіс негізгі мәселелер. Бірақ әкімдіктер көп жағдайда мұндай өтініштерге ағүсті қарайды. Амалы таусылған жұрт орталыққа, тіпті, Президент Әкімшілігіне шағымдануға мәжбүр. Азаматтардың өз әкіміне де-

ген сенім деңгейін осындай хаттардың санынан байқауға болады.

Жыл өткен сайын халықтың талап-тілегі артып келеді. Бұл – бүкіл әлемге ортақ үрдіс. Әкімдер халыққа құрметпен, шыдамдылықпен, түсіністікпен қарап, азаматтармен ашық әңгіме жүргізуге тиіс. Олар барлық мәселені мүмкіндігінше өз деңгейінде шұғыл және сапалы шешуі қажет. Бірақ бұл міндетті атқару үшін жергілікті әкімдердің қолында тиісті құзыреті болуы керек. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын үнемі жұртқа түсіндіріп отырған жөн. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Әрине, айтылған ұсыныс-пікірге назар аудару керек. Бірақ әркімнің, әсіресе, іс-әрекеті ерсі, ниеті теріс, тіпті, арандатушы адамдардың ығына жығылмай, жетегінде кетпей, ақылға қонымды ұсынысты ғана қабылдау қажет. Негізі, бұл – барлық деңгейдегі әкімдерге ортақ ұстаным. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, алға бастай білетін әкімді нағыз әкім деуге болады.

Мен жақында «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі



қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметшінің, әсіресе әкімдердің жұмысына бағдар беретін өте маңызды құжат.

ТӨРТІНШІ. Төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру керек.

Әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлумен қатар сауатты жүргізуге тиіс. Әйтпесе аталған бағыттағы реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Ауылдық округтердің өзін-өзі қамту деңгейін арттыру мақсатында бюджеттің төртінші буынына салық пен төлемдердің 25 түрі берілді. Жаңа Бюджет кодексі аясында бұл тізбекке кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығы да қосылды. Төртінші деңгейлі бюджет енгізілгеннен бері (2018 жыл) ауылдық округтердегі түсім төрт есе ұлғайтып, 130 миллиард теңгеден асты.

Оң өзгеріс байқалады. Алайда ауылдық округтер аудан мен облыстың қаржылай қолдауынсыз әлеуметтік-экономикалық мәселелерді әлі де шеше алмайды. Оған қоса кейбір өңірлерде жергілікті бюджетте халықтың саны мен ауылдық округтердің экономикалық құрылымына байланысты ал-

шактық бар.

Біз тұрақты салық түсімінің басым бөлігін жергілікті жерлерге, ең бастысы, аудандық деңгейге бердік. Бұл – өте дұрыс. Десек те жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Өйткені қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтарда пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырғаны дұрыс болар еді. Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма түсінікті: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс.

Занды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аударылғаны жөн. Мұның бәрін Үкімет

өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы қажет.

Бірқатар өңір тұрғындары үшін экологиялық айыппұлдарды толық төлеу аса өзекті мәселе. Өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елді мекендер тұрғындары мұндай төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке түскенін қалайды. Олар бұған толық құқылы. Байқалған теңсіздікті реттеп, мемлекеттік саясаттың ашықтығын, тиімділігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін біз салық-бюджет үдерістерін жүйелі түрде жетілдіре береміз. Бұл – Үкімет жұмысының маңызды бағыты.

Үкімет өңірдегі бюджет деңгейлері арасында қазынадан қаржы алуға лимит қою мәселесін қарастыруы керек. Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет.

Цифрлық Қазақстанды ауылдар мен ауылдық округтерсіз құру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру дәуірінде бұл іске ауыл әкімдері де белсенді түрде атсалысқаны жөн. Елді мекендерді цифрландыру ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс

сапасын айтарлықтай теңестіреді.

Сондықтан Үкімет бұл бағыттағы жұмысты басты басымдықтардың бірі ретінде қарастыруы қажет. Жергілікті жерлерден алынған нақты әрі жедел ақпарат орталықта тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экономикалық дереккөз негізін қалап, ресурстарды әділ бөлуге ықпал етеді.

Алдағы үш жылда Қазақстанды толықтай цифрлық елге айналдыру – жаңа даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі. Болашақта еліміздің әлемде алатын орны осыған тікелей байланысты. Сондықтан мұны тіршілік үшін талас десек, артық айтқандық емес. Осы аптада Президент Дональд Трамп АҚШ-тың технология саласындағы жаһандық үстемдігін қамтамасыз етуге арналған стратегиялық бастамасын жариялады. Ол үшін жасанды интеллектінің бірыңғай платформасы құрылады. Бұл ғылыми зертханаларды, дата орталықтарды, цифрлық модельдерді және суперкомпьютер желісін біріктіретін ұлттық ақыл-ой алаңы болмақ. Аталған жүйе барлық

аса маңызды бағыт бойынша жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеуге тың серпін береді. Ол жартылай өткізгіштерден бастап роботтық техникаға дейінгі, ядролық энергетикадан бастап биомедицинаға дейінгі салаларды түгел қамтиды. Бұл арада зерттеу жобасы жайында емес, АҚШ-ты осы салада әлемдік көшбасшыға айналдыратын толыққанды платформа жөнінде әңгіме болып отыр. Мұны іске асыру үшін бір жылға жетер-жетпес мерзім беріліп отыр. Сол себепті бізге де шара қолдану керек. Әлбетте, Қазақстан жаһандық ауқымдағы көшбасшылыққа таласпайды. Бірақ өркениет көшінен қалмай, технологиялық жаңғыруды жылдамдату қажет. Ойланып-толғанып жүруге уақыт аз.

БЕСІНШІ. Ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беру керек.

Алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуымыз қажет. Осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Оның пайдалы екені де көпшілікке белгілі. Алайда бірлескен шаруашылықтар әзірге ауыл экономикасының тірегі бола алмай тұр. Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құратыны жасырын емес. Олар жеке шаруашылық (Жалғасы 5-бетте).

(Жалғасы. Басы 1-3-4 беттерде). иелері және өнім өңдеушілер арасында делдал болып жүреді. Соған қарамастан мемлекеттен жеңілдіктер алады. Рас, мұндай теріс әрекеттерге тыйым салынбаған. Бірақ бұл ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға кедергі келтіреді.

Бірлестік (кооператив) құру бүкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыстың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алуымыз қажет. «Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді.

Ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн. Қазіргі таңда бұл корпорациялардың ауыл экономикасына еш көмегі тимей тұр. Мен Жолдауымда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыру туралы тапсырма бердім. Үкімет және Президент Әкімшілігі бұл жұмыспен айналысып жатыр. Нақты нәтиже күтемін. Осы корпорациялардың және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіру үшін жұмсаған абзал.

Көптеген аймақта мал бордақылайтын және мал соятын орындар тапшы. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жөндеп, қызмет көрсететін сервистік дайындау орталықтары жетіспейді.

Ал оңтүстік өңірде суару арналары мен ирригация жүйелеріне қатысты мәселе – өте өзекті. Тиісті инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артады. Бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізу үшін Аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізу қажет. Жалпы, Үкімет ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі керек.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Мен биылғы Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл осыған дейінгі саяси өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын орнықтыра түсеміз, яғни еліміз Президенттік Республика болып қала береді. Жаңа бастама қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Парламенттің құрылымына қатысты көптеген ұсыныс келіп түсуде. Мысалы, депутаттардың саны халық санына сәйкес, яғни пропорционалды болуға тиіс деген ойлар айтылуда. Мұндай ұстаныммен қарайтын болсақ, олардың саны 200 адамға жетеді. Қазір қос палатада 148 депутат бар.

Парламенттік реформа – екі палатаны жай біріктіре салу деген сөз емес. Меніңше, депутат санын тым көбейтудің қажеті жоқ. Керісінше, оңтайландыру керек, Парламенттің жұмысын жетілдіру қажет. Мысалы, бір палаталы жаңа Парламентте Пре-

зидент квотасы болмайды. Барлық депутаттар бірдей тәртіппен сайлануы қажет. Бұл – алдағы Парламенттік реформа аясында жасалатын аса маңызды қадам. Мұны жақсы ұғынып, жұртшылыққа кеңінен түсіндіру қажет. Заң шығару органына білікті әрі тәжірибелі мамандар, яғни өз ісінің майталмандары келуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, біз нағыз кәсіби Парламентті жасақтауымыз керек. Жаңа комитеттер құру мәселесін қарастыру қажет. Цифрландыру, аймақтарды дамыту жұмысымен айналысатын комитеттер өз алдына бөлек болғаны жөн деп санаймын. Бұл мәселелерді арнайы жұмыс тобы мұқият зерделейді. Осы реформаға қатысты басқа да көптеген



* Пікір

Ауыл әкімдерінің диалог-платформасына орай қолдау

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерімен өткен диалог-платформасында ауылдың дамуын – ұлттық өркендеудің негізгі басымдығы екенін атап өтті. Мемлекет басшысы ауыл әкімдерінің кәсібилігін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, халықпен ашық жұмыс істеу және нақты нәтиже көрсету міндетін ерекше атап, «Ауыл – елдің тірегі» деген ұстанымды нақты іске айналдыру бойынша бағыт-бағдар берді. Бұл форум – орталық пен өңір арасындағы байланысты күшейтіп, ауыл мәселелерін тікелей талқылаудың тиімді алаңы болды.

Форумнан кейін ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Алдабергенов пен Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильяновтың модерациясымен өткен «Өңірлік саясат: халықтың табысын арттыру, ауыл әкімдерінің рөлі мен міндеттері» панельдік сессиясында біз — ауыл әкімдері өңірлердегі өзекті мәселелерді ашық айтып, нақты ұсыныстарымызды ортаға салдық.

ұсыныстар бар. Соның бәрін әбден пысықтап, кейін жариялаймыз. Менің де осы аса маңызды реформа бойынша ұсыныстарым бар.

Жалпы, Конституциямызға енгізілетін түзету өте көп болуы мүмкін. Сондықтан референдум барысында халық жаңа Ата Заңға дауыс беретін болады деп айтсақ, қателеспейміз.

Осындай күрделі, жауапты жағдайда елімізде тыныштық, тұрақтылық болуы керек. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын бәріміз бір қоғам болып сақтауымыз керек. Құқық қорғау органдары өз кәсібилігін көрсетуі қажет. Арандатушыларға немесе «лас, көлеңкелі» саясатпен айналысқысы келетін адамдарға жол бермейміз.

Біз бүгін ауылға қатысты көптеген маңызды мәселені көтеріп, нақты міндеттерді айқындадық. Алдымызда тұрған міндеттің бәрін сапалы әрі жүйелі орындасақ, мақсатымызға

жетеміз. Ауыл өмір сүруге қолайлы, еңбек етуге жайлы болуға тиіс.

Ауыл әкімі осы өте маңызды жұмыстың басы-қасында жүреді. Бүгін әкім Жанар Нұрмұратқызы «Таза Қазақстан» қозғалысы жөнінде өте өзекті мәселе көтерді. Оған алғыс айтамын. Мемлекеттік саясатты халыққа жеткізетін де, елдегі өзгерістердің, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың мән-маңызын жан-жақты түсіндіретін де – әкімдер. Мен Сіздерге зор үміт артамын. Әкімнің ең басты міндеті – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру.

Ауылдағы ағайынның әл-ауқаты жақсарса, ауылдарымыз да көркейеді деген сөз. Сіздер ауылды өркендету үшін

әрі уақтылы орындалуы керек.

Бұл жұмысқа облыс әкімдері белсене атсалысуға тиіс. Нақты ойластырылған ұсыныстарды Үкіметке енгізуге рұқсат беремін. Алдымызда тұрған басты мақсаттар: экономиканың тұрақты, сапалы өсімін қамтамасыз ету қажет; инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту қажет; жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыру керек; дайын өнім экспортын көбейту қажет.

Мемлекетіміздің алдында әлі де көптеген сынақ пайда болуы мүмкін. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал тұрақты емес, келешегі бұлыңғыр деуге болады. Кейбір елдердің егемендігі, жерінің тұтастығы әлі толық шешілмеген,

Өз тарапымнан мынадай ұсыныстарды жеткіздім:

1. Өңірлерді тұрақты әрі тиімді дамыту үшін кадр саясатын күшейту, жергілікті мамандарды орнықтыру және олардың кәсіби деңгейін арттыру;

2. Халықтың табысын арттыру мақсатында кәсіпкерлікті дамыту мен инвестиция тартуды жандандыру.

Кездесу барысында қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап беріліп, бірқатар ұсыныстар бойынша тиісті жұмыстардың жүргізіліп жатқаны және алдағы уақытта да жалғасатыны атап өтілді.

Мен бұл диалог алаңын ауыл әкімдері үшін маңызды әрі нәтижелі бастама деп есептеймін. Президент айқындаған міндеттерді орындау жолында осындай пікір алмасулар ауылдардың дамуына, халықтың тұрмысын жақсартуға үлкен серпін беретіні сөзсіз.

**Нариман Мангишев,
Шашубай кентінің әкімі.**

тіпті, бұл мәселе халықаралық даулардың өзекті тақырыбына айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі әлсіреп кетті, жаһандық экономика да құбылмалы күйде. Сондықтан бәріміз бір ұлт болып, қырағылықты сақтауымыз керек, жас ұрпаққа қамқорлық көрсетіп, дұрыс тәрбие беруіміз қажет, ішкі даулардан аулақ болып, ынтымақ-бірлігімізді нығайтуымыз керек. Жалпы, бәрімізге ортақ аса маңызды міндет – ел мүддесіне тиімді қызмет ету. Қазақстанның егемендігі, дербестігі, тәуелсіздігі – бәрінен қымбат. Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған ең биік мақсат. Мен ел Президенті ретінде бұл мақсатты орындау үшін барлық күш-жігерімді саламын.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

“Мыңжылдықтың соңғы күздері”

Серік Сағынтайдың жаңа кітабының тұсаукесері өтті

Аудандық орталықтандырылған кітапханада жерлесіміз ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Шабыт» фестивалінің жеңімпазы, облыстық және республикалық мүшәйралардың бірнеше дүркін лауреаты Серік Сағынтайдың “Мыңжылдықтың соңғы күздері” атты жаңа туындысының тұсаукесер рәсімі өтті.

Шараның мақсаты – өңіріміздің абыройын асқақтатып жүрген қаламгерлердің шығар-

қос әңгімесі мен екі повесі топтастырылған. Кітап атауын арқалаған хикаят – ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы ауыл тірлігін, жас қаламгердің ішкі толғанысын көркем суреттеген ерекше туынды. Жазушының тілі – шұрайлы, мазмұны – терең, шындығы – айқын. Серік Сағынтай шығармашылығының басты ерекшелігі – адам болмысының күрделі иірімдерін көркемдікпен кестелеу, шындыққа адал болу. Оның әңгімелерінен бүгінгі қоғам,



машылығын насихаттау, жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, әдебиетке, туған жерге деген сүйіспеншілікті тереңдету. Әдебиет – рухтың айнасы, ал кітап – ұрпаққа аманатталған мәңгілік қазына. Сол руханияттың жаңа бетін ашқан игі шараға аудан әкімі Абылай Аманжолов арнайы қатысып, қаламгерге жылы лебізін білдірді.

Серік Сағынтай 1997 жылдан бері қазақ журналистикасы мен әдебиетінің дамуына үлес қосып келе жатқан талантты қаламгер Серік Сағынтай – Ақтоғай топырағының тумасы. Арқа өңірінің баспасөз саласында түрлі жауапты қызметтер атқарған ол бүгінде республикалық «Қасым» әдеби-қоғамдық журналының Бас редакторы. автордың дейін жарық көрген «Жазу», «Фәни-құс» өлеңдер жинақтары мен «Қарға» атты әңгімелер жинағы оқырманның жоғары бағасын алған. “Мыңжылдықтың соңғы күздері” атты жинаққа жазушының кейінгі жылдары жазған

уақыт тынысы, адам жанындағы философиялық сұрақтар айқын сезіледі.

Шара барысында жас әнші Аян Еркебұланұлының “Қалқа” әні шырқалып, кештің сәнін келтірді. Сонымен бірге КТЛ студенті Батырхан арқалық автордың өлеңін мәнерлеп оқып, шығармашылық кештің рухын тереңдете түсті. Тұсаукесерден кейін қаламгер оқырмандардың сұрақтарына жауап беріп, кітаптың жазылу тарихы, атауының мәні және жинақтың идеялық мазмұны туралы ой бөлісті. Кеш соңында ұйымдастырушылар жазушыға шығармашылық табыс, оқырманға рухани байлық тілеп, қатысушыларға алғыс айтты. Бұл күн Ақтоғай әдеби ортасының тағы бір жарқын сәті, руханият әлеміндегі жаңа лептің бастауы болды. Кеште ақын жазушылар, Серік Сағынтайдың әріптестері, бір топ ақтоғайлық оқырмандар қатысты

Құлмұхаммет Серікғалыұлы.

* Дін – бірліктің діңгегі

Зайырлы мемлекет және дін

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл дегеніміз, мемлекет діннен тәуелсіз, ал азаматтардың сенім еркіндігі толық қамтамасыз етілген. Азамат өз дінін қабылдау немесе сенбеу құқығына ие, бұл олардың құқықтарын ешқандай түрде шектемейді. Зайырлы мемлекет қағидасы қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізгі кепілі болып табылады.

Ақтоғай ауданының мансаптық орталығының директоры атап өткендей, зайырлы мемлекет ұстанымы елімізде әр азаматтың өз сенімін еркін таңдауына және оны ашық ұстануына кепілдік береді. «Мемлекет пен діннің өзара қатынасы заңмен нақты реттелген. Барлық азаматтар тең құқыққа ие және өз дінін немесе сенімін таңдауға толық құқылы», – дейді ол.

Зайырлы мемлекеттің басты артықшылығы – әр түрлі діни конфессия мен наным-сенімдерге құрметпен қарау, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін тең дәрежеде сақтау. Ақтоғай ауданындағы мектептерде, мәдениет және спорт ұйымдарында бұл қағидат жүйелі түрде насихатталады. Жастарға діни төзімділік, өзге мәдениеттерге құрмет көрсету және азаматтық жауапкершілік түсіндіріледі.

Сонымен қатар, зайырлы мемлекет принципі елдің құқықтық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Дін саяси үдерістерге араласпайды, ал азаматтар өз құқықтарын тең дәрежеде пайдалана алады. Бұл қағида – қоғамдағы бейбіт өмірдің, әртүрлі сенімдер мен мәдениеттердің үйлесімді дамуының кепілі болып табылады.

Ақтоғайлықтар үшін зайырлы мемлекет тек заңдық норма емес, сонымен бірге қоғамдағы татулық пен сенімнің, азаматтардың құқықтары мен еркіндігінің нақты көрінісі болып табылады.

А.Қайрат,
Ақтоғай аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы.

Салтанат жыр – сезімнің самалы

Ақтоғай ауданының Мәдениет үйінде «Үзілмес үмітімнің мақпалын-ай» атты ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Шабыт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты, профессор Салтанат Смағұлтегінің шығармашылық кеші өтті. Рухани шараға Ақтоғай ауданының әкімдігі, мәдениет бөлімі және аудандық мәдениет үйі қолдау көрсетіп, кеш барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылығына арналған әдеби бағдарламалар ұсынылды. Поэзия мерекесіне жиналған жұртшылық Смағұлтегінің жаңа



жырларын тыңдап, ақынға арналған көркем композициялар мен арнайы дайындалған сахналық қойылымдарды тамашалады.

Кеш шымылдығы Ақтоғай аудандық мәдениет үйінің ұжымы дайындаған жүрекке жылы поэтикалық қойылыммен ашылды. Ақын өлеңдері сахналық тілмен әсем өріліп, туған жерге сағыныш, жырдың мәңгілік нәзік тынысы көркем пластикалық қимыл арқылы бейнеленді. Ақын поэзиясына тән сыршылдық сахнаның әр тұсынан сезіліп, өлең мен әуен сабақтасқан шағын театрландырылған көрініс көрерменді баурап алды. Сахнаға жүргізуші – ақын Серік Сағынтай көтеріліп, жыр сүйер қауымды құттықтай отырып, кеш иесін ортаға шақырды. Ол: «Арайлы Ақтоғайдан басталған ақынның өркешті үні бүгінде талай жүректі тербеп келеді» деп, Салтанат Смағұлтегінің шығармашылық әлемін таныстыра өтті. Шағын сұхбаттан соң ақын алғашқы топтама өлеңдерін оқып, өз жүрегінің ең алғашқы бояуларын қайта жаңғыртқандай әсер қалдырды. Оның дауысында баяу сағыныш, нәзік үміттің үні сезілді.

Кеш барысында Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов сахна төріне көтеріліп, ақынға арнайы құттықтауын жеткізіп, сый-сияпат тарту етті. Сонымен бірге, мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген «Күз күмбірі» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Тұсаукесерді Абылай Аманжоловпен бірге Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалының директоры Жанат Жаңқашұлы, жазушы Төкен Әлжантегі, ақын Ардақ Игенова атқарды.

Кештің бір бөлігі ақын достары мен әріптестерінің жыр шашуына арналды. Серік Сағынтай залда отырған қадірлі меймандардың есімін атап, ілтипат білдіріп, сахнаға шақырды. Сахнаға көтерілген Мүсіркеп Сейдахмет, Тілеген Елеусізбайұлы, Айбек Байтөре, Ардақ Игенова, Мөлдір Бөлекова, Айгүл Кептербаева, ұстазы Әлімжан Жақан, мәдениет саласының майталманы Раушан Жылтыбаева, сатирик Әдебиет Жұманов, журналист Ернат Рахметолла, қаламгер Қасымхан Ғалым өздерінің жүрекжарды тілектерін білдіріп, өлеңдерін оқыды. Әдеби ортаның қадірлі ізі сахнада айқын сезіліп, ақынға деген құрмет өз өрнегін тапты.

Салтанат Смағұлтегінің екінші топтама жырларын Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университетінің студенттері – Нұрасыл Аманжол, Салтанат Қуаныш, Сағынтай Ақжігіт, Қазыл Ұлан, Мағжан Құдайберген, Қазыл Ұландар – оқып, жаңа буынның үнінде ақын әлемін жаңаша сипатта жеткізді. Бұдан кейін сахнаға ақынның жары – ақын Ерқанат Кеңесбекұлы көтеріліп, авторлық әндерін орындап, кештің әуезін тереңдете түсті.

Кеш иесі өзінің толысқан кезеңде туған, философиялық тереңдікке толы үміт пен сырға суарылған өлеңдерін оқып, кештің шарықтау сәтін жасады. Сахна төрінде сезім мен ойдың өрнегі қатар жүріп, көрерменді поэзияның мөлдір әлеміне жетеледі.

Көңілді кеш «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің әсем ән шашуымен аяқталды. Шара соңында көрермендер ақынның кітаптарына қолтаңба алып, естелік суретке түсіп, шығармашылық жылылыққа толы әдемі әңгімелермен тарқасты.

Нұрдос КӘРІМ,
Ақтоғай ауылы.

Ата Заң – тәуелсіздік тірегі

Қазақстан Республикасының Конституциясы – еліміздің мемлекеттік құрылымының негізін айқындайтын, қоғамның саяси және құқықтық жүйесін қалыптастыратын басты құжат. 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заң тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен тұрақтылығының берік тірегіне айналды. Конституция мемлекетіміздің саяси бағытын, басқару жүйесін, билік тармақтарының өкілеттігі мен өзара байланысын нақты айқындады. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің дербестігі Конституция арқылы қамтамасыз етіліп, құқықтық мемлекет құрудың негізгі тетіктері қалыптасты. Бұл өз кезегінде елдің демократиялық даму жолын нығайтып, мемлекеттік басқарудың ашық әрі әділ жүйесін орнықтыруға жол ашты. Ата Заңда азаматтардың құқықтары мен бостандықтары ерекше мәнге ие. Онда әрбір қазақстандықтың өмір сүру, білім алу, еңбек ету, еркін пікір білдіру, жеке меншікке ие болу сияқты негізгі құқықтары заңмен қорғалады. Конституци-



яда көрсетілген қағидаттар қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты, этносаралық келісімді және ұлтаралық татулықты сақтауға бағытталған. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап Конституция ел дамуының стратегиялық бағдарын белгілеп, жаңа экономикалық, әлеуметтік және саяси реформалардың құқықтық негізіне айналды. Соңғы жылдары енгізілген конституциялық өзгерістер де мемлекетімізді демократияландыруға, азаматтардың қоғам өміріне қатысуын күшейтуге, билік тармақтары арасындағы теңгерімді арттыруға бағытталған. Ата Заңды құрметтеу – елге, тәуелсіздікке, ортақ құндылықтарға деген құрметтің көрінісі. Конституция – мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамның бірлігін қамтамасыз ететін негізгі құжат. Оның талаптарын сақтау – әрбір азаматтың парызы, әрбір мемлекеттік органның міндеті.

Н.Ибраев,
Ақтоғай аудандық сот
әкімшісінің басшысы.

Хабарландыру

"SGP Group" ЖШС 09.01.2026 жылы сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересин а. о., Ақжайдақ ауылы, Ақжайдақ станциясы, Бәйтерек көшесі, 37 мекенжайы бойынша "L-43-33 блоктарында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына рұқсат беру құжаттамасы" бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды- (10д-5в-16,17,18,21,22), (10г-5г-20,25) Қарағанды облысында".
Бастамашысы: "SGP Group" ЖШС, Заңды Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан к-сі, 14/1 үй, тел. 87017437260, info@sgp-group.kz. Әзірлеуші: С-ГеоПроект ЖШС, Мекен-жайы 010000, Астана қаласы, Мангелик Ел көшесі, 20/2 үй, 506 кеңсе, БСН 110240021170. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен" Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық дерек-

тер банкі " ақпараттық жүйесінде танысуға болады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде, сондай-ақ "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" жергілікті атқарушы органының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде немесе электрондық поштаға borohova2014@mail.ru, expertiza.upr_krg@mail.ru. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады borohova2014@mail.ru және 8-778-741-91-51 телефоны бойынша. Географиялық координаттары: ендік: 76° 09 ' 00 "С, бойлық: 47°00 '00" в.

Объявление

ТОО «SGP Group» сообщает, что 09.01.2026 года в 11:00 по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о., с. Ақжайдақ, станция Ақжайдақ, улица Байтерек, 37 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по «Разрешительная документация к Плану разведки твердых полезных ископаемых на блоках L-43-33-(10д-5в-16,17,18,21,22), (10г-5г-20,25) в Карагандинской области». Инициатор: ТОО «SGP Group», юридический адрес: РК, г. Астана, Есильский район, ул. Түркістан, д.14/1, тел. 87017437260, info@sgp-group.kz. Разработчик: ТОО С-ГеоПроект, Адрес 010000, город Астана, ул. Мангелик Ел, дом 20/2, офис 506, БИН 110240021170. С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться в Информаци-

онной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания», а также на сайте Местного Исполнительного Органа «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания» или на электронную почту borohova2014@mail.ru, expertiza.upr_krg@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по адресу borohova2014@mail.ru и по телефону 8-778-741-91-51. Географические координаты: Широта: 76° 09' 00"С, Долгота: 47°00'00" В.

Еске алу

Бауыр еті баламыз, бірімізге асыл жар, аяулы ана, құрметті әже – **Мақшонова Гулмира Шаймұратқызының** өмірден озғанына 1 жыл болды. Бұл бір жыл ішінде жүрегіміздегі сағыныш таусылмай, жанымыздағы жұбаныш азаймай келеді.



Жаны жайсаң, бауыр-мал, іскер, ақкөңіл, қолы ашық, жомарт жүректі жан еді. Кімді көрсе де қабағын ашып қарсы алатын, «жақсылық жасасам» деп тұратын кең пейілі өзіне тән асыл қасиеті болатын. Гулмираның орнын толтыра алмас мына дүниеде оның жылы жүзі, мейірімге толы даусы, жүрекке медет берген мінезі үнемі еске түседі. Біз Сені қатты сағындық... Әсіресе, немерең әр күн сайын: «Әжем қашан келеді?» деп сұрап, жүрегімізді елжіретеді. Бұл – өзің қалдырған мейірімнің, өзің сыйлаған жылылықтың белгісі. Өмірден ерте кетсең де, жүректерден өшпейсің. Артыңда қалған жақсы атын, жақсылығың, жарық бейнең бізбен бірге жасайды. Сағыныш боп санамызда сақталды, Жүрегіміз жылап сені жоқтады. Жарық бейнең жадымызда жылу болып, Өзің кеткенмен, сағынып сені біз қалдық...
Сағынышпен еске алушылар: анасы – Рымбасар, жолдасы – Ерлан, балалары, бауырлары.
Марқұмның жылдық асы 20 желтоқсан күні, сағат 13-00-де "Ай-Фар" кафесінде беріледі. Асқа барша туған-туыс, көзкөрген ағайынды шақырамыз.

Еске алу

Әріптесіміз, жарқын мінезді жан, **Гуля Мақшонаның** өмірден өткеніне де көзді ашып-жұмғанша 1 жыл өтіпті. Уақыт өткен сайын оның орны анық сезіле түседі. Жұмыстағы жайдары жүзі, әр адамға ізгілікпен қарайтын кең пейілі, әріптестеріне деген шынайы жанашырлығы біздің жадымызда мәңгі сақталмақ. Гуляның адамгершілігі мен мейірімділігі, еңбектегі жауапкершілігі, әдемі әзілдері әлі күнге дейін естен кетпейді. Оның ортаны шуаққа бөлейтін болмысы бәріміздің жүрегімізде ерекше із қалдырды.



1 жыл өтті көрмегелі өзінді, Еске аламыз жарқылдаған жүзіңді, Еске аламыз көңілді бір кезіңді. Еске түсер қызық күндер бұрынғы, Қайтпайтынын кім біліпті ол күнді.
Еске алушы: қызметтестері – Рымкүл, Сәуле, Гүлдана, Мөлдір.

* Пайдалы кеңес

Қырыққабатты ЕКІ-АҚ күнде ашытуға болады

Қажетті өнімдер: 1 кг қырыққабат 1 дана сәбіз 1 ас қасық тұз 1 ас қасық қант. **Дайындалу тәсілі:** Ең алдымен қырыққабатты ұзыншалап әрі жіңішке қалыпта турап аламыз. Өте жіңішке қылсаңыз да болады. Себебі салаттың дәмді болуы қырыққабаттың қаншалықты жұқа туралғанына байланысты. Сәбіздің қабығын аршып, үккіштен өткіземіз. Сосын қолымызбен жақсылап араластырамыз. Сонда қырыққабаттың шырыны шығуы керек. Енді тұз, қантымызды салып, тағы да жақсылап араластырамыз. Осылайша дайындалған қырыққабатты пакетке саламыз. Суы ағып кетпес үшін пакетті табаққа салып, тоңазытқышта сақтаймыз. Әрбір 6-7 сағат сайын пакеттің аузын ашпай, сол күйде араластырып тұрамыз. Ашытылған дайын қырыққабатты банкаларға салып, тоңазытқышқа салып қойсаңыз болады. Ашытылған қырыққабатты осы қалпында да, салатқа қосып та жей береді. Өте дәмді ашытылған қырыққабатымыз да дайын. Астарыңыз дәмді болсын!

Открылось наследство после смерти Смагулова Ермухана Римкуловича, 13.12.1972 года рождения умершего 20.08.2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

* Артық болмас білгенің

Желтоқсан ауа-райына қатысты ырымдар мен тыйымдар

Жеңіс күні (9-желтоқсан): Осы күнгі ауа райы қыстың ортасын, ал келесі күні көктемді болжайды.

Әулие Ата күні (10-желтоқсан): Осы күні қар жауын, аяз болса, жаз мол болады. Егер жылы болса, жаз қысқа болады.

Ер Төстік күні (12-желтоқсан): Осы күні аяз қатты болса, қыс ұзақ болады, қар мол жауады.

Күнтізбелік аяздар: Желтоқсандағы әрбір апта белгілі бір ауа райын білдіреді. Мысалы, бірінші апта қыстың басы, екінші апта - ортасы, үшіншісі - аяғы сияқты.

Аяз бен қардың молдығы: Желтоқсанда мол қар жауып, аяз қатты болса, шілдеде күн ыстық болады деген ырым бар. Қарсыз, жылы болса, жаз жаңбырлы, салқын болады.

Айдың шеті: Айдың шеті бұлыңғыр немесе жоғары болса - қарлы аяз, төмен болса - жылы болады.

Қардың түсі: Қара қар жауады десе - аяз болады, ақ қар жауады десе - жылы болады.

(Мақала ғаламтордан алынды).

Құттықтаймыз!



Құрметті көршіміз,
Мүсіркеп Әлімжанов!
Сізді 70 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жетпістің белесіне жету – адам өміріндегі үлкен мерей, ұрпаққа үлгі боларлық дара жол. Сізді әркез азаматтық болмысыңызбен, ақжарқын мінезіңізбен қадірлейміз. Ауыспайтын көршілік, сыйластықпен бауырмалдық байланысымыз әрдайым берік болғай. Алда келе жатқан күндеріңіз қуанышқа, денсаулығыңыз мықтылыққа, шаңырағыңыз шаттыққа тола берсін. Жасыңыз құтты болып, әр күніңіз нұрлы, өміріңіз берекеге толы болсын.

Өміріңіз мерейленіп, жасыңыз жайнап,
Береке мен бақ қонсын әрбір ойға.

Ұзақ жасап, аман-есен жүре бергін,
Қуаныш боп көріңсін әр таң, әр айда.

**Ақ тілекпен: көршілеріңіз –
Абзал, Жетпіс, Самат, Рахман, Серік, Сәкен,
Даша, Ардақ, Перизат, Жоламан, Балхаибек,
Жеңіс, Марлен, Нұрман.**

Құттықтаймыз!



Құрметті Мүсіркеп
Әлімжанов!

Сізді мерейлі 70 жасқа толған төл мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұзақ уақыт бойы шығармашылығыңыңа ұмтылған қаламгерлік жолыңыз – талай буын журналистер мен оқырмандарға үлгі, өнеге. Аудан баспасөзіне қосқан үлесіңіз, жауапкершілік пен адалдыққа негізделген еңбегіңіз – бүгінгі «Ақтоғай ажары» газетінің бетінде сайрап тұр. Ұзақ жылдар бойы аудандық газетте абыроймен қызмет атқарып, талай жас қалам иесін тәрбиелеп, үлкен жолға бастап шықтыңыз. Сіз – өлеңі оқырманын тербеген ақын, сөзі жүрекке жеткен жазушы, журналистика мектебін қалыптастырған тәжірибелі ұстазсыз. Осы еңбектердің барлығы лайықты бағаланып, талай марапат пен мақтауларға ие болғаныңыз – Сіздің табандылығыңыз бен азаматтық болмысыңыздың айқын дәлелі. Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Қаламыңыз мұқалмай, әлі талай жұрт сүйсінер туындылар жаза беріңіз!

**Құрметпен: «Ақтоғай ажары» газетінің
редакциясы және ардагерлер ұжымы.**

* Қуан ағайын !

Түркістан төріндегі жеңіс

Сарышаған кентінің өнер әлеміндегі шоқтығы биік ұжымдарының бірі – «Тұмар» және «Балауса» би ансамбльдері. Жеті жыл көлемінде құрылғанына қарамастан, аталған қос ұжым бүгінде талай халықаралық, республикалық сахналарда өнер көрсетіп, өз мүмкіндіктерін дәлелдеп үлгерді. Ансамбльдердің ізденісі мен табанды еңбегі уақыт ағымына сай үнемі

зор бағасына ие болды. Олар техникалық орындалуының дәлдігімен, сахналық образдың ашықтығымен, ұлттық нақышты жаңаша жеткізе білуімен ерекшеленді. Бұл – тек бір байқаудың ғана емес, ұжымның жылдар бойғы жүйелі жұмысының, тынымсыз ізденістің, кәсіби тәзім мен тәртіптің нәтижесі. Ансамбльдердің жетекшісі, Сарышаған кенті мәдениет үйінің



меңгерушісі Айжан Мұратқызының еңбегі айрықша. Жеті жыл ішінде талай шәкірт тәрбиелеп, олардың бойындағы табиғи таланты аша білген, әр баланың сахнадағы дара болмысын қалыптастырған тәжірибелі маман. Айжан Мұратқызының өз ісіне деген жанашырлығы мен талапшылығы жас

өнерпаздардың биік белестерді бағындыруына жол ашты. Бұл үлкен жетістік – тек ансамбльдің емес, бүкіл кент жұртының ортақ қуанышы. Өнер додасына дайындық кезінде қолдау көрсеткен: Мәдениет және білім бөліміне, ұстаздарға, Сарышаған кенті әкімдігіне, ата-аналарға, кент тұрғындарына, байқау ұйымдастырушыларына ансамбль ұжымы атынан зор алғыс білдірді. Балалардың еңбегі мен төккен тері, ұстаздың ұстанымы, ата-ананың сенімі — бәрі бір арнаға тоғысып, осындай жоғары деңгейдегі жеңіске жол ашты. Түркістандағы бас жүлде «Тұмар» және «Балауса» ансамбльдері үшін жаңа мүмкіндіктердің, халықаралық деңгейдегі ірі фестивальдерге жолдама болатын үлкен серпін. Алдағы уақытта да ұжым талмай еңбектеніп, би өнерінің көкжиегін кеңейте береді деген сенім мол.

Атап айтар болсақ, 2019 жыл – Алматы қаласы, Бас жүлде, 2020 жыл – Балқаш қаласы, 1-орын, 2022 жыл – Алматы қаласы, 1-орын, 2024 жыл – Балқаш қаласы, 1-орын, 2025 жыл – Алматы қаласы, Бас жүлде, 2025 жыл – Шымкент қаласы, 2-орын, 2025 жыл – Түркістан қаласы, Бас жүлделерді қанжығасына байлап жүрген топ. Әсіресе, биылғы Түркістан қаласында өткен аса ауқымды байқау – ансамбль тарихындағы ірі белестердің бірі болды. Екі айға жуық тынымсыз дайындалған 38 өнерпаз сахнада өз шеберлігін жоғары деңгейде көрсетіп, қазылар алқасының

өнерпаздардың биік белестерді бағындыруына жол ашты. Бұл үлкен жетістік – тек ансамбльдің емес, бүкіл кент жұртының ортақ қуанышы. Өнер додасына дайындық кезінде қолдау көрсеткен: Мәдениет және білім бөліміне, ұстаздарға, Сарышаған кенті әкімдігіне, ата-аналарға, кент тұрғындарына, байқау ұйымдастырушыларына ансамбль ұжымы атынан зор алғыс білдірді. Балалардың еңбегі мен төккен тері, ұстаздың ұстанымы, ата-ананың сенімі — бәрі бір арнаға тоғысып, осындай жоғары деңгейдегі жеңіске жол ашты. Түркістандағы бас жүлде «Тұмар» және «Балауса» ансамбльдері үшін жаңа мүмкіндіктердің, халықаралық деңгейдегі ірі фестивальдерге жолдама болатын үлкен серпін. Алдағы уақытта да ұжым талмай еңбектеніп, би өнерінің көкжиегін кеңейте береді деген сенім мол.

**Гүлнар Метайқызы,
Сарышаған кенті.**



Құрметті де ардақты
ұстазымыз **Марал
(Айгүл) Жұмажанова!**

Мерейлі мерейтойыңыз құтты болсын! 70 жас - парасат пен тәжірибенің, шәкірт жүрегінде қалған өшпес іздің шежіресі. Сіз – біздің балалық шағымыздың куәгері ғана емес, сол балалықтың ең жағымды естелігіне айналған тұлғасыз. Қазақ тілі мен әдебиетінің асыл қазыналарын жанымызға себезгідей сіңіріп, сөздің киесін, әдебиеттің құдіретін ұғындырдыңыз. Рухани мұраға құрметпен қарауды, жақсылықты тануды, ізгілікті биік қояды үйреттіңіз. Ұстаздық шырағыңыздың жарығында біз алаңсыз балалықты, үкілеген үмітті, ертеңге деген нық сенімді сезініп өстік. Сіздің әр сөзіңіз – өсиет, әр қадамыңыз – тәрбие, мейіріміңіз – жүрекке дауа болды. Бүгінде орта жастың белесіне жетсек те, жүрегімізде сол балалықтың мөлдір сағынышы, өзіңізге деген ыстық махаббат сол күйі сақталып қалды. Өмірдің талай асуларын бағындырып, небір сынақтан өткен әр сәтімізде Сіздің берген біліміңіз бен тәрбиеңіздің ізі жатыр. Біз алған қамалдар, шыққан биіктер – Сіздің еңбегіңіздің сәулесі. Сіз ұшырған түлектің саны мыңнан асты. Әрқайсымыздың жүрегімізде Сіздің ыстық алақаныңыздың табы, мейіріміңіздің жылуы бар. Ұстаз атының абыройын биіктеткен, ұрпаққа өнеге қалдырған, жүректерге шырақ жаққан шын мәніндегі тұлғасыз. Мұғалім, мерейлі жасыңыз құтты болсын!

Әр күніңіз тыныштыққа, қуанышқа, берекеге толы болсын!

Шәкірттеріңіздің алғысы ғұмырыңызға нұр болып құйылып, жүрегіңізге жылу, өміріңізге шуақ сыйласын. Сізді біз балалық махаббатпен, шексіз құрметпен жақсы көреміз.

**Құрметпен: Шабанбай би ауылы, Ә.Ермеков
атындағы мектептің 1993 жылғы түлектері.**

Құрылтайшы: Елеусизова Гүлнар Метасвна

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС**

(күәліктегі ресми атаумен келісілген)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

**Тіркеу күәлігі:
KZ94VPY00019192**

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1020 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының
пікірі газеттің көзқарасын
білдірмейді.**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,
87770498986**

**Электрондық пошта aktogai_red @
mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан
материалдар қабылданбайды.**